

# АҚТОҒАЙ АЖАРҮ

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым


№14 (7851)

Жұма  
8 сәуір  
2022 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai\_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz



Жолдау мұраты – ел мүддесі

## Жолдаудың мән-маңызы айрықша

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының биылғы Жолдауы ерекше болды. Жолдауда ел тұрғындарының көкейінде жүрген алуан түрлі сауалдарына жауап берді деп ойлаймын. Менің көңілімнен шыққаны – Ұлттық құрылтайдың құрылатындығы, адам құқықтарының қорғалуы. Қазірдің өзінде ел тұрғындарының әлеуметтік ахуалын жақсартуға бағытталған Жаңа Қазақстан тұжырымдамасы іске асуда. Жалпы, Мемлекет басшысының Жолдауында айқындалған

бастамалар еліміздің саяси жүйесін және әкімшілік-аумақтық құрылымын барынша өзгертуге бағытталған. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, аталған бастамаларды іске асыру үшін

Конституцияға 30-дан астам өзгертулер енгізіледі. Президент Жолдауы шеңберінде алда атқарылар жұмыс көп, ол бойынша іс-шаралар жоспары жасалатыны да заңды. Мемлекетіміздің бүгінгі және алдағы уақытта атқаруға тиісті іс-әрекетіне бағдар ретінде ерекше ықыласпен қабылдаған Жолдауды мұқият тыңдап, ой елегінен өткіздім. Мен Жолдауда көрсетілген шараларды толығымен қолдаймын.

Р.Бокишев,

Сарышаған кенті тұрғыны, ұстаз.

### Ақтоғай аудандық мәслихатының шешімі

2022 жыл №

Ақтоғай ауылы

Жоба

«Ақтоғай аудандық мәслихаты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы» Ақтоғай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 сәуірдегі №200 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес, Ақтоғай аудандық мәслихаты ШЕШІТІ:

1. «Ақтоғай аудандық мәслихаты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы» Ақтоғай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 сәуірдегі №200 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4726 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы Р.Абеуов.

### Решение Актогайского районного маслихата

№ 2022 года

с.Актогай

Проект

О признании утратившим силу решения Актогайского районного маслихата от 25 апреля 2018 года № 200 «Об утверждении Методики оценки деятельности административных государственных служащих корпуса «Б» государственного учреждения «Актогайский районный маслихат»

В соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах», Актогайский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Признать утратившим силу решение Актогайского районного маслихата «Об утверждении Методики оценки деятельности административных государственных служащих корпуса «Б» государственного учреждения «Актогайский районный маслихат» от 25 апреля 2018 года №200 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №4726).

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Секретарь маслихата Р.Абеуов.

Жолдау мұраты – ел мүддесі

## Мақсат – халықтың әл-ауқатын жақсарту

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын жасады. Онда жуық арада жүзеге асырылатын ауқымды саяси реформалар мен бірқатар әлеуметтік-экономикалық шаралар жарияланды.

Саяси реформаларды жүзеге асыру аясында Мемлекет басшысы Президенттің өкілеттігін қайта караудың маңызды екеніне тоқталды. Бұл ретте суперпрезиденттік жүйеден мықты Парламенті бар президенттік республикаға көшу мәселесіне назар аударды. Сонымен қатар, Президенттің жақын туыстарына қатысты норманы конституциялық тұрғыдан бекіту қажеттігі айтылды. Енді олардың мемлекеттік саяси қызметші және квазимемлекеттік секторда басшы лауазымдарын иеленуіне заңнамалық тұрғыдан тыйым салынады. Бұдан бөлек саяси реформаларда биліктің заң шығарушы саласына да қатысты мәселе қамтылады. Сенатты жасақтау тәртібі мен оның бірқатар қызметі қайта қаралады. Мемлекет басшысы Парламенттің жоғарғы палатасындағы президенттік квотаны 15-тен 10 депутатқа дейін қысқартуды ұсынды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы құқық қорғау институттарын күшейтуге, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және азаматтық қоғам институттарының ролін нығайтуға

баса мән берді.

Қ.Тоқаев Негізгі Заңның ережелерін мүлтіксіз орындауды қамтамасыз ету мақсатында Конституциялық сот құруды тапсырды. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің орнына Ұлттық Құрылтай құруды ұсынды. Ауқымды саяси реформалар еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылымын жетілдіруге де қатысты болмақ. Президент Абай және Ұлытау облыстарын құруды ұсынды. Бұл облыстардың орталықтары Семей және Жезқазған қалалары болады. Мемлекет басшысы Алматы облысын екіге бөлу жөніндегі шешімін айтты. Алматы облысының орталығы Қапшағай және Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласы болмақ.

Президент Жолдауда әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге мән бере отырып, дағдарысқа қарсы жедел жүзеге асырылатын шараларға арнайы тоқталды. Соның ішінде ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге, мемлекеттің үлесі бар компаниялардың валюталық табысының экспорттық сатылымын ұлғайтуға, мемлекеттік аппараттың қызметіндегі бюрократияны жоюға да баса мән берілді. Президент осы жолғы Жолдауында бұрыннан халықтың көкейінде жүрген көптеген мәселелерге назар аударды. Басты мақсат – халықтың әл-ауқатын жақсарту.

Қ.Серкебаев,

Сарытерек ауылдық округінің әкімі.

## Жаңа тағайындау

«Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» басшысының №4 бұйрығымен Мирас Нұрғазыұлы Қасымхан «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ақтоғай шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымына тағайындалды.

Қасымхан Мирас Нұрғазыұлы 1990 жылы 11 ақпанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 2008 жылы Д.Қонаев атындағы колледжді аяқтаған. Аталмыш оқу орнының университетін 2011 жылы «Қаржы» мамандығы бойынша тәмамдаған.

2012-2014 жылдары Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Заңгер» мамандығы бойынша бітірген. 2009 жылдан бастап «Ақтоғай ауданының жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман, 2015 жылдың қаңтар айынан бастап, басшысы болып қызмет атқарды. 2018 жылдың маусым айынан бастап, Ақтоғай ауданы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-нің директоры. Ақтоғай аудандық мәслихатының 5, 6 шақырылымының депутаты.















## Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тумасы Зәру Нұрмағанбетқызын сексеннің сеңгіріне шыққан мерейтойымен құттықтаймыз! Кеңпейілді, жаны жұпар, кеудесі қазыналы, сөздері қасиетті нағашы апамызға он сегіз мың ғаламның



жақсылығын, дүниенің шуағын, өмірдің қызығын, жүрегіне Алланың нұрын тілейміз. Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болсын. Немере, шөберелеріңіз көбейіп, ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көре беріңіз.

Жаңа белес құтты болсын келіп жеткен,  
Жадыратсын жаныңызды сұлу көктем.  
Сексен жас берекелі болсын сізге,  
Жақсылықтың жыр-өні нұрын төккен.

Ақ тілекпен: жиендеріңіз – Темірғалы-  
Үміткүл, Серік-Бибігүл, Асқар-Кенже,  
Данияр-Риза, Бақтияр-Айгерім, Шалқар.

## Құттықтаймыз!

Құрметті Жазыбек  
Бөрігүлұлы!

Сені 50 жасқа толған мерейтойыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Осы қуанышты күні сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңыздың ырыс-байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан таймай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, жұбайыңызбен бірге еркін жүре беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жетуіңізге тілектеспіз.



Үлгі болған үлкенге де, жасқа да,  
Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.  
Бақытты болып бұл өмірде мәңгілік,  
Қуанышты тойлайық, 100 жаста да.

Ақ тілекпен: апа-жездең – Серік-Бибігүл,  
жиендерің – Асқар-Кенже, Данияр-Риза,  
Бақтияр-Айгерім, Шалқар.

## Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнама-лардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

## Құттықтаймыз!

Құрметті Сымбекова  
Рымкүл!

Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы мерейлі жасқа қадам басқан абзал жанға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, шадыман шаттық тілейміз. Деніңіз сау болып, ақжарқын көңіліңізбен жадырап-жайнап, ортамызда сыйқұрметіңізбен жарасып жүре беріңіз. Жасыңызға жас қосылып, мерейлі мерекелеріңіз тойдудан қызықтармен толыға берсін.



Басыңыздан кетпесін бақ-береке,  
Құтты болсын, туған күн, гүл мереке.  
Алла берген ғұмырдың жақсылығы,  
Ортаймасын ешқашан шуақтап, нұр-келбетке.  
Игі тілекпен: Нұрланның отбасы.

## Құттықтаймыз!

Құрметті Жазыбек  
Бөрігүлұлы!



Сені мерейтойыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Ердің жасы елуге келгендегі елеулі сәттерің ұзағынан сүйіндіріп, әлі де талай жарқын асуларды бағындыра бер. Шаңырағың биіктеп, керегең кеңейіп, өз ортаңда абыройың мен беделің арта берсін. Үлкенге іні, кішіге аға болып, Эльмира екеуің бала-шағаңның қызығына тоймай ортамызда жүруді нәсіп етсін.

Әрқашан бұл өмір күлімдесін,  
Көңіліңіз ештеңемен бүлінбесін.  
Бақыт болсын көреріңіз барлық сәтте,  
Арман атты тұлпарыңыз сүрінбесін.  
Ақ тілекпен: Серік-Зайдагүл, Нұрбол, Бағдар-  
Ақнұр, Аида, Алмас.

## Құттықтаймыз!

Құрметті Ибраев  
Азамат Ғалымұлы!

Сізді 40 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табыстартуларыңыз арта берсін. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын.



Беу, досым, құтты болсын қырығыңыз,  
40-тың бақшасында қыдырыңыз.  
Елу мен алпыста да нар болғайсың,  
Жетпіс пен сексенде де бар болғайсың.  
Тоқсанның төбесіне шыққан шақта,  
Немере-шөберелі шал болғайсың.

Ізгі тілекпен: Нұргелді-Индира,  
Қуанышбек-Айзат, Еркін-Индира, Бекзат-  
Назым, Нұргелді-Шакізат, Руслан-Саламат,  
Саят-Гүлмира, Азамат-Ақнұр, Руслан-Жеңіс,  
Қанағат.

## Құттықтаймыз!

Қадірлі Жазыбек  
Бөрігүлұлы!



Сені ердің жасы 50-ге келуіңмен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңе саулық, шаңырағыңда ырыс-береке көбейіп, босағаңнан қызыққуаныш кетпесін.

Эльмира екеуің көзге көрінген балапандарыңның ортасында, ағайынтуыс құрметіңе бөленіп, әдемі де ұзақ ғұмыр кешуге Алла нәсіп етсін.

Құттықтап 50 деген жасыңмен,  
Кеңейсін қанат жайған керегең.  
Қосағыңмен қоса ағарып өмірде,  
Орындалсын ойға алған тілегің.

Туған күніңе тілек тілеуші: Сайлау-Қорлан,  
Думан-Арай, Дулат-Айнагүл, Сайран-Маржан,  
Ұлан-Аружан және немерелері.

## Құттықтаймыз!

Асыл жар, аяулы анамыз Қыдырманова Асем Победовнаны 6 сәуір күні 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге өмірдің барлық жақсылығын тілейміз. Әкемізбен бірге дендеріңіз сау болып, ортамызда жар-қырап жүре беріңіздер!



Әлпештеген, аялап асыраған,  
Аяулы ана, ақ ниет асыл адам.  
Ұрпақ үшін тірлікке нұрын төккен,  
Қиын-қыстау күнде де жасымаған.  
Сыздағансыз,  
Сан рет мұздағансыз.  
Әкемізге адал жар,  
Ал, бізге ізгі анасыз.  
Бағымыздың бұлбұлын сайрататын,  
Жанымыздың жайлауы сіз ғанаңыз.  
Лаулаймыз да, сіз барда жанамыз да,  
Қосып сізді сан өнге, сан аңызға.  
Аялаған аққуын айдындай боп,  
Асыл Ана, жүре бер арамызда!

Тілек білдірушілер: жолдасы – Серік, балалары – Санат-Айгерім, Қайрат-Гүлайым, Ләйла.

## Құттықтаймыз!

Құрметті көршіміз Қыдырманова Әсемді елеулі 50 жасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Өмірдің қызығы мен қуанышын тілейміз. Отағасы Серік екеуің бала-шаға, немерелер арасында қызыққа бөленіп, туған-туыс, дос-жарандарыңызды ақпейіл көңіліңізбен шуаққа бөлеп, ортамызда ұзақ ғұмыр кешіп жүре беріңіз. Денсаулық пен игі ниеттегі тілектердің арқасында сарқылмас шаттыққа толы өмір берсін.



Құтты болсын мерейтой, 50 жасың,  
Әр уақытта домаласын өрге тасың.  
Қосағыңмен қоса ағарып, немере сүй,  
Ешқашанда көңіліңді кір шалмасын.

Құттықтаушы: көршілерің – Мүсіркеп,  
Рахман, Абзал, Жетпіс, Бағдат, Сәкен, Ардақ,  
Балқашбек, Жоламан, Зәуреш, Жеңіс, Марлен,  
Бейбіт, Нұриманның отбастары.

Құрылтайшы: [ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА](#)

Директор-Бас редактор: [Г.ЕЛЕУСИЗОВА](#)

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу күші: [№КЗ94VPY00019192](#). (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы Думан КАБЫЛ

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абау көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

